

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 қыркүйек N 1258.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 5 сәуірде Вильнюс қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасы
Үкіметінің арасындағы салық заңдарын бұзушылыққа қарсы
күрес саласындағы ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі,

өз мемлекеттерінің ұлттық заңдары мен халықаралық міндеттемелерін басшылыққа ала отырып,

салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, анықтауға және оның жолын кесуге, өз мемлекеттерінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты міндеттерді тиімді шешудегі өзара мүдделілікті негізге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісім нысанасы

1. Осы Келісімнің нысанасы - Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарын бұзушылыққа қарсы тиімді күрес ұйымдастыру мақсатындағы Тараптардың құзыретті органдарының ынтымақтастығы болып табылады.

2. Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы

қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

2-бап

Терминдер

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төмендегі терминдер мыналарды білдіреді:

а) "құзыретті орган":

- Қазақстан Тарабы үшін - Қазақстан Республикасы Қаржы полициясының агенттігі;

- Литва Тарабы үшін - Литва Республикасының Ішкі істер министрлігі жанындағы Салық полициясының департаменті, Литва Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Мемлекеттік салық инспекциясы және Литва Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Кеден департаменті.

Тараптар құзыретті органдарының ресми атауы өзгерген жағдайда, бұл туралы бір-біріне кідіріссіз хабарлайды.

б) "салық заңдарын бұзу" - салық заңдары саласындағы құқық бұзушылықтар, олармен күресу Тараптардың құзыретті органдарына жүктеледі.

3-бап

Ынтымақтастық нысандары

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде мынадай ынтымақтастық нысандарын пайдаланады:

- заңды және жеке тұлғалардың салық заңдарын бұзуы туралы ақпарат алмасу;
- салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге бағытталған шараларды өткізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;
- заңды және жеке тұлғаларға салық салуға байланысты құжаттардың куәландырылған көшірмелерін тиісті түрде ұсыну;

- ұлттық салық жүйелері туралы, салық заңдарының өзгерістері мен толықтырулары туралы ақпараттармен, сондай-ақ салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күресті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыныстармен алмасу;

- салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күресте қолданатын ақпараттық жүйелерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде тәжірибе алмасу;

- жұмыс топтарын құруды, өкілдер алмасуды және кадрлар оқытуды қоса алғанда, ынтымақтастық барысында туындайтын мәселелер жөнінде қызметті үйлестіруді жүзеге асыру;

- салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күрес проблемалары жөнінде ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізу.

Осы Келісімнің орындалуына байланысты мәселелер бойынша Тараптардың құзыретті органдары бір-бірімен тікелей өзара іс-қимыл жасайды.

4-бап

Салық заңдарын бұзушылық туралы ақпарат алмасу

1. Салық заңдарын бұзушылық туралы ақпарат алмасу мынадай мәселелер бойынша жүзеге асырылады:

- заңды және жеке тұлғалардың салық салудан табыстарын жасыруы, бұл орайда салық заңдарын бұзушыларға қолданатын әдістер көрсетіледі;

- заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік және коммерциялық банктерде есепшоттар ашуы, сондай-ақ егер оларда салық салудан жасырған сомалар бар деп есептейтін негіз болса, осы есепшоттар арқылы қаражаттың айналымы;

- салық салу базасының мөлшерін айқындау және салық заңдарын бұзған заңды және жеке тұлғалардан өндіріліп алынатын салық сомасы, сондай-ақ салық заңдарын бұзудың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге байланысты өзге де мәселелер.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ақпарат Тараптардың бірінің құзыретті органына екінші Тараптың құзыретті органының сұрау салуы негізінде, ақпарат ұсыну сұрау салынған Тараптың ұлттық заңдары мен мемлекеттік мүддесіне қайшы келмейтін жағдайда беріледі.

Егер Тараптардың бірінің құзыретті органы өзінің қолында бар ақпаратқа екінші Тараптың құзыретті органы мүдделі деп санаса, онда ол бұл ақпаратты жеке бастамасы бойынша беруі мүмкін.

5-бап

Іс-шаралар өткізу

Салық заңдарын бұзушылықтың алдын алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі іс-шараларды өткізу кезінде осындай заң бұзушылықты жасаған немесе күдік білдірілген адамдарға қатысты Тараптардың құзыретті органдарының өзара іс-қимылы іс-шараларды бірлесіп жоспарлауды, осы іс-шараларды өткізудің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат алмасуды қамтиды.

6-бап

Құжаттардың көшірмелерін ұсыну

Тараптардың құзыретті органдары заңды және жеке тұлғалардың салық салуға қатысты құжаттарының көшірмелерін (шот-фактуралар, жүк құжаттары, шарттар, келісім-шарттар, сертификаттар, анықтамалар және басқалары), сондай-ақ салық заңдарының бұзылуына қатысы бар мәселелер бойынша құжаттарды бір-біріне сұрау салу бойынша ұсынады.

Құжаттардың көшірмесі уәкілетті адамның қолымен және сұрау салынған құзыретті органның мөрімен куәландырылады.

7-бап

Құқықтық сипаттағы материалдармен алмасу

Тараптардың құзыретті органдары ұлттық салық жүйелері, қылмыстық тергеу жүргізудің және салық заңдары саласында әкімшілік тәртіп бұзушылық жөніндегі істер бойынша іс жүргізудің құқықтық негіздері туралы ақпарат алмасуды жүзеге асырады, жаңа нормативтік құқықтық актілер қабылданғаннан соң немесе қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілгеннен кейін бір айдан кешіктірместен салық заңдарындағы өзгерістер туралы бір-біріне хабарлайды.

8-бап

Ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастық

Тараптардың құзыретті органдары салық заңдарын бұзуға қарсы күресті ұйымдастыру кезінде ақпараттық жүйелерді құру және олардың жұмыс істеу мәселелері бойынша тәжірибе, әдістемелер және ғылыми материалдар алмасуды жүзеге асырады.

9-бап

Кадрлар даярлауда тәжірибе алмасу және көмек көрсету

Тараптардың құзыретті органдары өздерінің оқу орындарының базаларында кадрларды оқытуда және қайта даярлауда, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуде, салық заңдарын бұзуға қарсы күрестің көкейкесті мәселелері бойынша ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізуде ынтымақтасады, сондай-ақ сарапшылар алмасады.

Осы баптың шеңберіндегі ынтымақтастықты іске асырудың нақты нысандары, атап

айтқанда, оны қаржыландыру Тараптардың құзыретті органдары арасында жасалатын тиісті келісімдермен айқындалады.

10-бап

Сұрау салудың нысаны мен мазмұны

1. Ақпарат алуға арналған сұрау салу жазбаша нысанда немесе мәтін

берудің техникалық құралдарын пайдалану арқылы берілуі тиіс.

Ақпарат алуға арналған сұрау салу жазбаша нысанда берілуі тиіс. Кейінге қалдыруды көтермейтін жағдайларда сұрау салу мәтінді берудің техникалық құралдарын пайдалану арқылы берілуі мүмкін және кідіріссіз жазбаша нысанда расталады.

Мәтінді берудің техникалық құралдарын пайдаланған кезде, сондай-ақ алынған сұрау салудың растығына немесе мазмұнына қатысты күмән туындаған жағдайда сұрау салынған құзыретті орган оның жазбаша нысанда расталуын талап ете алады.

2. Ақпарат алуға арналған сұрау салуда:

- сұрау салушы құзыретті органның атауы;
- сұрау салынған құзыретті органның атауы;
- сұрау салу мәнісінің қысқаша баяны және оның негіздемесі;
- сұрау салуды орындау үшін қажетті басқа да мәліметтер болуы тиіс.

Бұған қоса қылмыстық істер бойынша ақпарат алуға арналған сұрау салуда:

іс жүзіндегі жағдайдың қысқаша сипаттамасы;

сұрау салынған Тарап мемлекетінің заңдарына сәйкес қылмыстың саралануы;

келтірілген зиянның көлемі көрсетіледі.

11-бап

Сұрау салудың орындалуы

1. Сұрау салу кідіріссіз орындалуға қабылданады. Сұрау салынған құзыретті орган, егер бұл сұрау салуды орындау үшін қажет болса, нақтылау тәртібімен қосымша ақпарат талап ете алады.

2. Сұрау салуды орындау мүмкін болмаған жағдайда, сұрау салынған құзыретті орган, бұл туралы сұрау салушы құзыретті органға кідіріссіз хабарлайды.

Сұрау салынған орган, егер бұл мемлекеттің егемендігіне немесе қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін болса немесе оның заңдарына қайшы келетін болса сұрау салуды орындаудан бас тартуға құқылы.

Сұрау салуды орындаудан бас тартудың себептері туралы сұрау салушы құзыретті органға хабарланады.

3. Сұрау салу сұрау салынған Тараптың ұлттық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

12-бап

Сұрау салуды орындау кезінде өзара іс-қимыл жасау

Сұрау салынған құзыретті орган егер бұл оның мемлекетінің заңдарына қайшы келмесе, сұрау салушы құзыретті органның уәкілетті өкіліне өз аумағында сұрау салуды орындауға қатысуға рұқсат етуі мүмкін.

13-бап

Тілдері

Ақпарат алуға арналған сұрау салу және оның жауабы сұрау салынған тараптың мемлекеттік тілінде немесе орыс тілінде жасалады.

Сұрау салу басқа тілде жасалған жағдайда, оған куәландырылған орысша аудармасы қоса тіркеледі.

14-бап

Ақпаратты пайдалану

Тараптардың құзыретті органдары салық заңдарын бұзудың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге байланысты мәселелер бойынша ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді.

Осы Келісімнің шеңберінде алынған ақпарат осы ақпаратты ұсынған құзыретті органның жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа берілмейді.

15-бап

Шығындар

Тараптардың құзыретті органдары өздерінің мемлекеттерінің аумағында осы Келісімді орындауға байланысты шығындарды көтереді. Қосымша шығындарды талап ететін сұрау салулар алынған жағдайда оларды қаржыландыру туралы мәселе Тараптардың құзыретті органдарының өзара уағдаластығы бойынша қаралады.

Жоспарланған кездесулер кезінде, егер басқаша жазбаша уағдаластық болмаса, қабылдаушы құзыретті орган өз мемлекетінің аумағында екінші құзыретті органның делегациясын қабылдауға байланысты барлық шығындарды қамтамасыз етеді және төлейді, ал жіберуші құзыретті орган жол ақы төлемі бойынша делегация мүшелерінің шығындарын көтереді.

Кезектен тыс кездесулер өткізген жағдайда оның бастамашысы болған құзыретті орган барлық шығындарды көтереді.

16-бап

Келісімді іске асыру бойынша одан арғы шаралар

Тараптардың құзыретті органдарының өкілдері осы Келісімнің орындалуына байланысты мәселелер бойынша қажет болған жағдайда консультациялар өткізеді.

17-бап

Даулы мәселелерді шешу

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер тараптардың консультациялары мен келіссөздері арқылы шешіледі.

18-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

19-бап

Келісімнің күшіне енуі және қолданысының тоқтатылуы

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті тиісті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғанын растайтын соңғы жазбаша хабарлама күнінен бастап күшіне енеді және осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар бойынша Тараптардың

бірі алған күннен бастап алты ай өткенге дейін қолданылады.

Вильнюсте 2001 жылдың 5 сәуірде әрқайсысы қазақ, литван және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Литва Республикасының
Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК